

## 2024-2025 оқу жылы Еленовка ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің құзырет орталығында өткізілген әдістемелік семинардың есебі

2025 жылдың 04 ақпан күні Еленовка ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің құзырет орталығында «Педагогтердің ақпараттық-технологиялық құзыреттілігін арттыру» тақырыбында дөңгелек стол өтті.

Мақсаты: бірлесіп жұмыс істеу дағдыларын, көшбасшылық қабілетті, кәсіптік құзыреттілікті жетілдіре отырып, білім беру сапасын арттыру. Дөңгелек столға алты мектеп қатысты: Алексеевка №1 ЖОББМ, Өзен ЖОББМ, Қызылсая ЖОББМ, Елікті ЖОББМ, Садовое ЖОББМ, Өркен ЖОББМ. Дөңгелек столдың ашылу салтанатымен мектеп директоры Абылгазина Ш.Т. сөз сөйледі. Мектеп педагог-психологі Утеганова Г.А. қатысушылармен психологиялық тренинг элементтерін жүргізді. Танысу мақсатында «Қағаздан жаңбыр» ойыны, «Көк лента», «Кан-кан» топтық биін жүргізді.



Физика, информатика пәні мұғалімі Рудь О.П. 11Б сыныбында өткізген физика сабағынан видео үзінді көрсетіп, қолданатын платформаларын айтып түсіндірді.

Информатика пәні мұғалімі Ернар Жазира 9Ә сыныбында информатика сабағында «Wordwall» платформасының қолдану жолдарымен тәжірибе бөлісті.



Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі Болатова С.С. «Жасанды интеллекті сабақта қолдану» тақырыбында шебер- сынып көрсетті. Сабаққа бұл платформалар өте тиімді екендігін айтып өтті.



Тарих пәні мұғалімі Избасаров А.Ж. «Жасанды интеллект – мұғалім көмекшісі» тақырыбында шебер-сынып жүргізді.



Информатика пәні мұғалімі Аширбекова Р.А. «Педагог жұмысында заманауи платформаларды тиімді қолдану» әдістерін көрсетіп, жасалу жолдарының бірнеше түрлерімен таныстырып өтті.



Барлық қатысушылармен өткізілген іс-шаралар бойынша алған әсерлері туралы рефлексия жасалды. Аудандық білім бөлімінің әдіскері Тахтаулова Сабира Хайрошовна дөңгелек столдың өтуі туралы қорытынды жасап, қатысқан педагогтерді сертификатпен марапаттады.



Оқу ісі меңгерушілері Ташпенова А.Б.

Жетписова Б.С.